

Түрік қағанаты

Ұлы Даланың шығысында дәуірлеп тұрған Жыужән мемлекетін құлатып, соның орнына жаңадан шаңырақ көтерген әйгілі Түрік қағанаты да, жалпылай алғанда, әр кезеңде өзінен бұрын өмір сүрген далалық империялардың ізін басқан, солардың ортағасырлық жалғасы, заңды мұрагері еді. Содан да болар Ұлы Далада үш ғасырдай үстемдігін жүргізіп, өзінің қанат жайып, қамтыған аумағы жөнінен бұрынғы далалық империялардың қай-қайсысынан да басым түскеніне қарамастан, «арбаның алдыңғы доңғалағы қайда бұрылса, артқы доңғалағы да сонда кетеді» деген қағида бойынша, бұлар да сол алдыңғылардың жолын қуып, солардың тағдырын бастан кешті. Табғаш жұртының айдап салуына арандап, өзара ішкі қырқысудың салдарынан ел болудан қалып, ақыр соңында тарих сахнасынан біржола шығып қалды.

Бірақ із-түзсіз кеткен жоқ. Ол із адамзат тарихында, соның ішінде Қытай, Үнді, Араб, Парсы және Византия сияқты сол кездегі әлемнің іргелі мемлекеттерінің тарихында сайрап жатыр. Сондықтан да Түрік қағанатының тарихына қатысты ақиқатты танып-білу үшін бұрынғы және қазіргі зерттеушілердің бәрі бірдей осы елдердің жазба мұраларын негізгі дереккөзі ретінде пайдаланып келеді. Бұл, әрине, былай алып қарағанда дұрыс та. Өйткені, байырғы түріктер кезінде көне дүние дүрмегіне өзіндік үлес қосқанымен, қабір басындағы тасқа қашалған жазулардан басқа өз тарапынан кейінгілерге елдігін танытар дерек беретін жазба тарих қалдыра алған жоқ.

Алайда, солай екен деп, сырт елдер қалдырған деректердің бәрін тарихи шындықтың айғағына балап, оларды талдаусыз, талғаусыз пайдалана беруге де болмайтынын, ондай ізденістің сыңаржақтылыққа, жалғандыққа ұрындырарын да ескермей болмайды. Бірақ қазір, өкінішке қарай, ескерілмей отыр. Түрік тарихын зерттеушілер, жасыратыны жоқ, күні бүгінге дейін өз пайымдауларын арагідік грек, парсы және араб деректерінің мағлұматымен толықтырып отыратыны болмаса, көп жағдайда тек қытайдың әулеттік шежірелерінің дерегімен негіздейді, соған жүгінеді, соны тарихи шындықты ашудың басты айғағы деп біледі. Ең өкініштісі – олар жаңағы аталған елдердің, соның ішінде, әсіресе, Қытайдың кезінде байырғы түріктермен тынымсыз үнемі соғысып келгенін, өздері тарихи шындықты бірден бір айғағы көріп, пайдаланып отырған жазба деректерді қалдырушылардың бәрі де түріктерді «бітіспес жауымыз» деп есептеген елдердің өкілдері екенін ескере бермейді. Соның салдарынан тарихи шындықты іздеушілер өздерінің бірыңғай түріктердің қарсыластарының пікіріне жүгініп, солардың ықпалында, солардың дұшпандық көзқарастары тұрғысынан сыңаржақты ой түйіп отырғандарын байқамайды, керісінше жазба деректерге сүйеніп, тек тарихи шындықты айтып отырмыз деген сенімде болып, басқа пайымдауларды қабылдай бермейді, өздерінікін ғана жөн санайды. Әділдігіне жүгінсек, бүгінгі ресми тарих ғылымында үстемдік алып отырған байырғы түріктер жөніндегі ғылыми тұжырымдардың дені – сондай сыңаржақты пайымдаулардың негізінде қалыптасқан тұжырымдар.

Сондықтан қазір байырғы түріктер тарихына қатысты бұрынғы қалыптасқан қағидаларға қайта бір оралып, сыни тұрғыдан қараудың мезгілі жетті деп білеміз. Шындық – тек қарсылас екі жақтың жағдайын салыстыра зерттеліп, таразыға тең тартылғанда ғана ашылмақ. Бұл ретте орыс тарихшысы Л.Н. Гумилевтің «Вообще не следует изучать историю народа исключительно с точки зрения его противника» (*Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – Стр. 88.*) деуі өте дұрыс, басшылыққа алуға тұрарлық пікір.

Ресми тарих түріктер құрған мемлекетті «Түрік қағанаты» деп атап, ғылымға солай енгізгенімен, түріктердің өздері олай атамаған. Олар өз мемлекетін «Ел», ал далалық империяға айналған кезде оны «мәңгі» сөзімен толықтырып, «Мәңгі ел» деп атауды қалыптастырған. Сондықтан жаңаша жыл санаудан кейінгі 552 жылы Орталық Азияда түріктер құрған далалық империяның ресми төл атауы – **Мәңгі ел** екенін есте ұстаған жөн.

Түрік тілдес халықтардың оқымыстысын былай қойғанда, қарапайым қатардағы оқушысына да түсінікті осы «Ел» атауының ұғымдық мағынасын шетелдік зерттеушілер кезінде сан саққа жүгіртіп, үлкен таластың арқауына айналдырғаны белгілі. С. Малов, В. Радлов, П. Мелиоранский, В. Бартольд, В. Томсен, Ф. Хирт секілді түріктанушылар ел атауын «племенной союз» деген мағынада түсінсе, А.Н. Бернштам «эль – это объединение аристократии различных племен в организационно сплаченный заимствованными у того же родового строя традициями, аристократический строй», – деп дәлелдеді. Ал Хорезм тарихын көп зерттеген С.П. Толстов ел атауының мағынасын «государство, в античном понимании этого слова, политическом, а отнюдь не территориальном значений», – деп түйіндесе, бар саналы ғұмырын көшпелілердің тарихын зерттеуге арнаған Л.Н. Гумилев: «Эль был формой сосуществования орды и племен», – деп пайымдайды. (*Қараңыз: Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – Стр. 100-102*). Дұрысында, ортағасырлық түріктердің «Елі» – қазіргі түсініктегі «мемлекет», ал «Мәңгі елі» – «қағанат» деген ұғымдардың баламасы болатын. (*Мемлекет, қағанат – түріктерге кейін араб-парсы деректері арқылы енген терминдер*).

Ортағасырлық түріктердің өздері құрған далалық империяның атын «Мәңгі ел» деп атауларының да тарихи мәні бар. Олар кейінгі мұсылман тарихшыларының (Рашид ад-Дин, Хондемир, Әбілғазы) еңбектерінде сөз болатын дүниежүзілік топан су тасқынынан кейінгі ежелгі Түрік мемлекетінің (*ресми тарихта ол «мемлекеттік ұғымда» сөз болған емес*) тарихын жақсы білген, өздерін солардың мұрагеріміз деп санаған (*Бұл туралы кейін де сөз болады*). Сондықтан да олар сол бір кезде дүркіреп тұрған Түрік мемлекеті кұлап, тоз-тоз болған елдің халқы сан ғасыр бойы тағдыр тауқыметін тартып, қиын-қыстау замандарды бастан кешіріп, түрлі далалық империялардың (Сиунну, Сиэнби) құрамында болып, қуғын-сүргін көріп жүрсе де, тегін ұмытпай, тарих тегершігінің бір айналымында жұлдыздары оңынан туып, өз алдарына жеке мемлекет құру мүмкіндігі туғанда, баяғы киелі атауды қайта жаңғыртып, өздерін «түріктерміз», «түрік халқымыз» деп атап, ежелгі

түріктердің ұрпақтары екенін жалғанға жария еткен¹. Ал, нақтылық үшін айтатын болсақ, Түрік мемлекетінің шаңырағын көтерушілер, дұрысында, бір кездегі Ордостың оңтүстігіндегі Пиңлиән патшалығының қарамағындағы қыпшақ тайпаларынан құралған құрама жұрттың ұрпақтары болатын. Бұл ретте «Сүй кітабының»: «Түріктердің арғы атасы Пиң-лиән-да аралас-құралас көшіп жүрген хулар еді» деуі де содан. (*Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 8-б.*). Міне, осы хулар, яғни қыпшақ тобындағы рулар 439 жылы тобалар (табғаштар) Пиңлиән патшалығын құлатқанда, бас сауғалап қашып келіп, Алтын тауды паналап, сонда өсіп-өркен жаяды. Кейін солар өздерін «түрікпіз» деп жариялап, құрған мемлекетін де сол ежелгі түріктер секілді «Ел» деп, бірақ мемлекетімізді енді бұрынғылар тәрізді құлатпаймыз, мәңгі етеміз деген сенімділікпен оны «Мәңгі ел» деп атайды.

Кезінде шетел ғалымдарының осы Мәңгі елдің негізінде жалпы далалық империялардың пайда болуы мен құлауының себеп-салдары жөнінде біраз уақыт пікір таласының көрігін қыздыра басқаны белгілі. Л. Каэн, Н. Аристов, В. Радлов, В. Бартольд, В. Банг, А. Бернштам, А. Кононов, Е. Прицак, Л. Гумилев секілді көптеген ғалымдар ойларын ортаға салып, әрқайсысы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп баққан. Алайда ғылыми орта осылардың ішінен, кейбір жекелеген анықтаулар мен толықтырулар жасағанымен, негізінен Н.А. Аристовтың көшпелілердің далалық империяларының (мемлекеттерінің) пайда болуы жөніндегі: «вследствие усиления одного из племени, во главе которого стояли храбрые, умные и счастливые в своих предприятиях родоначальники, успевшие подчинить своему влиянию роды своего племени и покорить остальные племена» деген тұжырымы мен құлауы жөніндегі: «За счет междоусобиц под преобладающим влиянием стремлений родов и племен» деген пікірін «шындыққа келеді» деп қабылдады. (*Аристов Н.А. Заметки... – Стр. 10*).

1 Кіші Азияға ауып барған оғыз тайпалар бірлестігіндегі жұрттың ұрпақтарының кейін өздерін «түрікпіз» деп атағанын еске алыңыз.

Бұл – арнайы зерттеуді керек ететін күрделі тақырып. Сондықтан оны бұл арада ежіктеп жатпай-ақ, айтылғанның ақиқаттығына көз жеткізу үшін Түрік қағанатының алдында болған Сиуңну империясы мен Жыужән қағанатының құрылу және құлау кездерінің оқиғаларын салыстыра алға тартсақ та жеткілікті болмақ.

Алдымен, Сиуңну империясының құрылуы жөнінде.

Империя құрылуы қарсаңында сиуңнулар Қытайдың өзара жауласып жатқан жеті патшалығын бір орталыққа біріктіріп, Чин империясының негізін қалаған Шы Хуаң-дидің «терістіктегі хуларды бағындыруға жіберген» атақты қолбасшысы Мың Тиән басқарған 100 мың әскердің тегеурініне шыдамай, ата мекендері Ордостан айырылып, Хуаң-хының (Сары өзеннің) сыртына, яғни солтүстік жағына қоныс аударып, босқындыққа ұшырағаны белгілі (*Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах... – Стр. 46-47*). Босқан ел есін жиып, енді еңсе көтеріп келе жатқанда Маудун (Модэ) әкесі Тумынды

өлтіріп, орнына өзі чәниүй болады. Жас баланың әкесін өлтіріп, тақты иеленуі – Тумынның тұсындағы билік иелеріне ұнамағаны, соған орай ел басшылары арасында алауыздық туындап, тұтастықтың болмағаны тағы шындық. Соны пайдаланып қалғысы келген Дунху билеушісінің сиуннуларды соғысқа итермелеп, қайта- қайта елші жіберуі де содан. Бұл кезде сиуннулардың көршілері «шығыстағы Дунху да, батыстағы Жыужы (Юечжы) да дәуірлеп тұрған» (*Аталған еңбек. 46-47-бб.*). Соған қарамастан Маудун бас-аяғы 6-7 жылдың (ж.ж.с. дейінгі 209-201) ішінде дунхуды да, жыужыны да, сондай-ақ теріскейдегі түрік халықтарының бес мемлекетін де (*Хуньюй, Кюеше, Динлин, Гэгунь және Цайли*) жаулап алып, атақты Сиунну империясын құрады.

Енді Жыужән қағанаты жөнінде.

Жыужән қағанатының шаңырағын көтеруші адам – сиуннудың Маудуны сияқты жеке хандықтың билеушісі де, Аристов айтатындай, ру басшысы да, тайпа көсемі де емес, Тоба (Табғаш) хандығының ханы Ливйдің ат күтуші құлы. Оның төл есімі де белгісіз, басының ерекше жалтырлығына қарап: «Мугулүй» деп атаған, осы атпен тарихқа енген. Осы құл тәртіп бұзғаны үшін өлім жазасына кесіледі. Бірақ ол үкім орындалғанша қашып шығып, шалғайдағы тауға барып паналайды. Сонда жүріп өзі сияқты одан қашқан, бұдан қашқандардың басын қосып, жасақ құрайды. Осы жасақ келе-келе жауынгер күшке айналып, маңайындағы ауылдарды жаулап, бағындыру арқылы өз алдына жеке мемлекеттің іргесін қалайды. (*Сонда. 184-б.*)

Көріп отырғанымыздай, қай тұрғыдан алып қарасақ та, көшпелілер мемлекетінің құрылуында жеке тұлғалардың шешуші рөл атқаратындығынан басқа ортақтықтың жоқтығын, тарихи әлеуметтік жағдайлардың әр түрлі болатынын осы мысалдар-ақ толық дәлелдесе керек.

Осы секілді көшпелі мемлекеттердің құлауы да бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, жаңағы Сиунну империясы, Аристовтың тұжырымдағанындай, ел басшыларының билікке таласуы салдарынан Солтүстік Сиунну, Оңтүстік Сиунну мемлекеті болып, екіге бөлініп, бір-бірімен өзара соғысып, әбден титықтап барып, ақырында дербес ел болудан қалса, Жыужән қағанаты айбары асып, дәулеті тасып, шалқып, дүрілдеп тұрғанда, аяқ астынан шаңырағы ортасына түсіп, аз уақыттың ішінде мемлекет ретінде де, халық ретінде де жойылып кетеді.

Осының бәрі – көшкіншілерді жабайылар санап, олардың тарихына үстірт қараған отырықшы елдер оқымыстыларының солар жөніндегі бір кезде айтқан жалаң топшылауларын кейінгілердің ғылыми тұжырымға балап, оны бұлжымас заңдылыққа айналдыруының зияндылығын көрсетеді. Сондықтан көшкіншілерге деген бұрынғы көзқарасты түбірлей өзгертіп, олардың тарихын солардың өздерінің төл болмысы тұрғысынан зерттеп, жаңадан жазу бүгінгі күннің басты талабы болуға тиіс.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Түрік қағанатының да құрылуы өзгелерден бөлек, өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Қағанаттың керегесін керіп, шаңырағын көтеруге басшы болған адам – түріктердің ұлы көсемі Туұлы (Тувуұлы) Бумын ол кезде, яғни Түрік империясын құрудың алдында,

жоғарыда айтылған, Жыужән қағанатының құрамындағы бағынышты бір хандықтың да-иеху лауазымды билеушісі болатын. Оның саясатта үлкен икемділік танытып, аз уақыттың ішінде елінің қуатын арттырып, үстемелете бірнеше ірі жеңістерге жетуінің нәтижесінде өзін сыртқы жаудан қорғай алатын тұрақты әскері бар мықты мемлекет құрғаны да тарихтан мәлім.

Бумын – «қаған» лауазымын жасы ұлғайып, шау тартқан шағында иеленген адам. Содан да болар, негізгі жауын жеңіп, еліне тәуелсіздік әпергеннен кейін, ол сол кездің дәстүрімен өзінен бұрынғы ел билеушілері секілді төңірегіндегі елдерді бағындыруға бағытталған жаугерлік жорықтарға ұмтылмай, бар күш- жігерін қол жеткен жетістігін баянды ете отырып, жаңадан шаңырақ көтерген жас мемлекетінің іргесін бекітіп, еңсесін тіктеуге бағыттады. Мемлекетті басқарудың заң-тәртібін бекітті (*Күлтегіннің «Үлкен жазуы» // Малов С.Е. Памятники древне-тюркской письменности. – М.-Л. – Стр. 21).*

Бұл заң бойынша, қағанаттың ең жоғарғы органы, жылына бір рет өтетін, шонжарлар кеңесі болды. Оны қаған басқарды. Қаған қағанаттың дара билеушісі құқығын иеленді.

Қағаннан кейінгі жоғары лауазым иесі – иабғу. Оны қытай жазбаларында «иеху», «шеху» деп атайды. Бұл билік – дәрежесінің пәрменділігі жөнінен көне сиуннулардың «тужи» («чжуки) деп аталатын лауазымына келеді. Кейін йабғулардан ұлығ хандар, кішіг хандар шыққан.

Одан кейінгі билік иесі – тегін. Бұл лауазымды тек ханзадалар ғана иеленеді. Қытай жазбаларында оны «тылы», «тычин» деп те атайды. Бұл сиуннулардың «лули» («гули») деп аталатын лауазымы тәрізді. Үшінші билік иесі – сіліг бек. Қытайша берілуінде – сылифа. Бұл лауазым – сиуннулардың «ұлығ бегімен» мәнзелдес. Төртінші билік иесі – түмен бек. Қытайшасы – тумеофа. Бұл – сиуннудың ұлы қолбасшысымен терезелес. Бұл төрт лауазым иесін көне сиуннулар сияқты түріктер де «қағанның төрт тіреніші, төрт мүйізі» деп атаған. Бұларға бұдан кейінгі төменгі шенділерді қосқанда, қағанатта барлығы 28 лауазым иесі болған. Бұлардың бәрі де өздеріне тиісті лауазымға мұрагерлік жолмен ие болып отырған. (*Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 36-б.*)

Түрік қағанатындағы лауазым иелерінің сандық құрамы жағынан да, олардың билік жүргізу пәрменінің деңгейі жағынан да сиуннулардікімен бірдей болуы – түріктердің ел басқару тәсілінің сиуннулардың ел басқару тәсілімен дәл келетінін, соның нақты көшірмесіндей екенін көрсетеді. (*Сиунну. – А., 1998. – 34-б.*)

Бұл, біріншіден, «далалық империялар бір-бірінің заңды мұрагері болды» деген ойымыздың дұрыстығын білдірсе, екіншіден, далалық империялар ыдыраған кезде де далалықтар арасында көне салт-дәстүрдің жоғалмай, өзгермей, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтаса жалғасып жататынын көрсетеді. Бұған жаңаша жыл санаудан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген сиунну чәниүйі Маудунның ел билеу тәртібін арада сегіз-тоғыз ғасыр өткен соң түрік қағаны Бумынның еш өзгеріссіз қайталауы, болмаса осы Бумынның өзі құрған мемлекетінің тұтастығын, елінің бірлігін, қоғам мүшелерінің

азаматтық құқығын қорғау үшін енгізген заң кодексі баптарының арада жеті ғасыр өткенде Моңғол империясының негізін қалаған Шыңғыс ханның әйгілі «Их засагында» («Ұлы жасағында» немесе «Ұлы жарғысында»), болмаса одан он ғасыр өткеннен кейінгі Қазақ хандығының ханы әз Тәукенің «Жеті жарғысында» сол күйі қайталануы да куәлік бергендей.

Мұның бәрі, сөз басында айтқанымыздай, көшкіншілердің бүкіл тарихының бірігулер мен ыдыраулардан тұратынын, біріккен кезде далалық ірі империяға айналып, бір кезде өздерінен бұрын өмір сүрген империялардың мемлекеттік құрылымын, қоғамдық құқықтар мен билік ережелерін сол қалпы қабылдап, оны өз уақытының талабына орай бейімдей пайдаланатынын көрсетеді.

Бумын қаған аурудан қайтыс болғанда, оның артында қалған, шаңырақ көтергеніне бір жыл ғана толған жас мемлекеттің ертеден өмір сүріп келе жатқан байырғы мемлекеттердікіндей өзіндік қалыптасқан тұрақты заң-тәртібінің болғандығы, сөз жоқ, ел билеудегі сол үзілмеген далалық дәстүрдің, жалғасқан сабақтастықтың айғағы. Жаңадан заң шығарып, тәртіп орнатып жатқан ешкім жоқ. Олар барды жаңғыртып, жетілдіру ісімен айналысқан.

Ағасының орнына таққа отырған Істімі қаған да Бумынның ісін әрі дамытып, ежелгі сабақтастықтың арқауын бекітіп, желісін одан әрі жалғастырады. Ол да ұзақ жылғы тәуелділіктен құтылған елінің азаттығын баянды ету үшін ағасы орнатқан заң-тәртіпті сақтай отырып, жыужандардан келетін қауіпті біржолата жоюды мақсат етеді. Өйткені, елінен, жерінен айырылған жыужандардың бұл кездегі жағдайы бөлтірігін алдырған қасқырдай еді. Олардың да ажалына қарсы шауып, кез келген уақытта қапыңды тауып, қансыратып кетуі әбден мүмкін еді. Сондықтан да Істімі қаған таққа отырысымен, жыужандардың бас біріктіріп, ес жиюына мүмкіндік бермей, тосын шабуыл жасап, олардың тоз-тозын шығаруды көздейді. Осы мақсатта түрік әскерін өзі бастап, шұғыл жыужандарға аттанады.

Түрік әскері жыужандардың Дынжу сыли бастаған бөлегімен Ау-йенің терістігіндегі Мулэй тауында кездеседі. Жыужандар қаншалықты өлермендікпен айқасқанымен, жасанып келген басым күшке төтеп бере алмайды, амалсыз кері шегініп, ақыры тау жынысына кіріп, бас сауғалып, бет-бетіне қашып кетуге мәжбүр болды.

Істімі қаған осы жорықтан қайтып келгеннен кейін, қатты ауырып, көп ұзамай сол аурудан қайтыс болады. Оның орнына інісі, Бумын қағанның баласы Сыжин «Мугән қаған» деген атпен таққа отырды.

Бұл бір ерекше жаратылған жан еді. Сырт бітімі әкесіне тартқан алып денелі ірі кісі болғанымен, түр жағынан оған ұқсамайтын. Жақ сүйектерінің адам танданарлықтай ұзындығы мен бетінің шикандай қызылдығына шыныдай жылтыраған көзі қосылып, оның түрін біртүрлі қорқынышты етіп көрсететін. Әлдеқалай ашу шақырып, қаһарын төккен кезде алдында тұрған кінәлі адам бейне арыстан алдындағы қояндай қалтырайтын. Ол майдан даласында да жауына үрей туғызып, беттеген жағын қоғадай жапырып, үнемі

жеңіске жол ашатын. Содан да болар Хуэй-хуаңның терістігіндегі жыужандарды талқандаған шешуші шайқастан кейін оған «Жеңімпаз» («Иэн-ду») деген ат беріліп, ол осы атпен қытайдың тарихнамасына кіреді (*Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах... – Стр. 228*).

Мугән қаған таққа отырысымен, әкесі мен ағасының ел басқарудағы жүргізген саясатын әрі жалғап, қағанаттың ішкі тәртібін нығайтумен бірге, мемлекеттің іргесін кеңейтіп, еліне ел, жеріне жер қосуды мақсат етіп, төңірегіндегі елдерді жаулап алуға кіріседі. Бұл бағыттағы ісін ол, алдымен, жыужандардың қалғандарының көзін жоюдан бастайды. Әскерін тікелей өзі бастап барып, жыужанның Дуншу сылиін талқандайды. Дыншу сыли соңына ерген елден, мал-мүліктен түгел айырылып, аман қалған үш мың жауынгерімен қашып барып, Батыс Вей империясының қол астына тығылады.

Бұдан кейін жыужандар тарапынан әзірге келер қауіп жоғына көз жеткізген Мугән қаған енді ат басын батыстағы күшті көршісі идаларды (эфталиттерді) жаулап алуға бұрады. Тәуелсіздікке жаңа қол жеткізіп, мемлекетін қалыптастырып жатқан түріктер тарапынан өздеріне басқыншылық шабуыл болады деп күтпеген идалар қамсыз еді. Сол қамсыздықтың зардабын шеккен олар түріктерден күйрей жеңіліп, атамекендерін тастай қашып, батысқа қоныс аударады.

Бұл Мугән қағанның билік тізгінін қолға алғаннан кейінгі алғашқы ірі жеңісі еді. Ол осындай ұлы жеңіспен рухтанған әскерін бастап келіп, енді шығыстағы мықты көршілері чидандарға (кидандарға) тиіседі. Сөйтіп олардың да күш біріктіріп, қарсыласуына мүмкіндік бермей, бықпырт тигендей аламан- асырын шығарып, атамекендерінен қуып шығады.

Бұдан кейін ол сол бетінде кідірмей, теріскей шетте жатқан қырғыздарды да (чигуді де) жаулап алады.

Мықты деп есептелінетін көрші елдердің бірінен соң бірін бағындырып, жолындағысының бәрін жапырып, жайпап өте шығатын жойқын тасқын селдей тойтарыс көрмей келе жатқан Мугән қағанның сұрапыл қимылдарынан қарадай зәресі ұшқан шекара сыртындағы басқа шағын елдер бұдан кейін оның айбынынан именіп, елшілерін жіберіп, өздерінің еріктерімен қағанат құрамына кіретіндіктерін жарыса хабарлай бастайды.

Түрік қағанының бұл кездегі бүкіл қимылы жаңаша жыл санаудан бұрынғы 209 жылы таққа отырған сиуңнудың Маудун чәниүйінің жорықтарына ұқсайтын еді. Бар айырмашылығы – Маудун өз жорығын шығыстағы көршісі дунхуларды талқандаудан бастап, содан кейін іле батыстағы жыужыларды (юечжилерді) атамекенінен айдап шықса, Мугән қаған әуелі батысындағы көршісі идаларды талқандаудан бастап, содан кейін шығыстағы көршісі чидандарды атамекенінен қуып шығып, Сары теңізге қарай айдап салады. Маудун сияқты бұл да шекара сыртындағы шағын көршілерін айбынымен иіріп, қарамағына кіруге мәжбүр етеді. Сөйтіп аз уақыттың ішінде, мемлекетінің іргесін айтарлықтай кеңейтіп, шығыста Лиау-хайдан батысқа қарай Си-хайға дейін 10 мың ли, оңтүстікте Шөл даладан

солтүстікке қарай Бей-хайға дейін 5-6 мың ли жерді иеленеді. Осылайша түрік елі шын мәніндегі ұлы қағанатқа айналады. (*Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 34-б.*) Бұған дейін айдапсалдың азғыруына еріп бір-бірімен қырқысып жатқан ұсақ хандықтар, тайпалар «Түрік» деп аталатын қоғамдық ірі бірлікке ие болады..

Осы бірлік арқылы олар өздерінің құдіретті қуатын сезінді. Жаңа өркениет – Түрік өркениеті туды. Ұлы Дала тұрғындары ортақ бір тілде – түрік тілінде сөйледі. Түрік халықтарының бәріне ортақ өз жазуы – Түрік жазуы жүйелене жетілдіріліп, халықаралық қатынаста қолданыла бастады.

Елінің күшейіп, қуатының артқанын толық сезінген Мугән қаған енді Батыс Вей империясына арнайы елші жіберіп, қол астына барып паналаған Дыншу сыли бастаған үш мың жыужанды өзіне шығарып беруді талап етеді. Шығыс Веймен аралары бұрынғыдан да ушығып, «әскери арбалар қозғалысқа түсіп» тұрғанда, күні өтіп, енді жеке ел болудан қалған, шешуші шайқаста серік болуға шамасы жоқ Дыншу сылиді қорғаймын деп, қаһарлы көршісін өзіне қарсы қойып алудан қорыққан, бұл кезде бар билікті өз қолына алған Үй-він Тай амалсыз Мугән қағанның талабын орындауға мәжбүр болады. Сөйтіп, олар Дыншу сыли бастаған үш мың жыужанды Батыс Вей империясының астанасы Чэнан қаласының шығыс жақ қақпасынан (көк қақпадан) шығарып, түріктердің қолына береді. Талай жыл жыужандардың қорлығын көріп, қанына қарайып алған түріктер оларды сол жерде жас балаларынан басқасын түгел қырып салады.

Осылайша күні кеше ғана бүкіл далаға дара қожалық жасап, әмірін жүргізіп тұрған құдыретті Жыужан қағандығының соңғы қағаны бастаған үш мың адамы, ең болмаса, қолдарына қару алып, жауларымен жағаласып та өле алмай, қасапханада бауыздалған қойдай, қорлықпен мерт болады.

Осылайша кектескен дұшпанын түгелдей жойып, көңілін бір демдеген Мугән қаған ел көлемін әлі де кеңейте түсу мақсатымен, жаугершілік жорығын одан әрі жалғастырып, жау қайдалап тіленген жасақты әскерін бастап барып, Тугухүн елінің жеріне басып кіреді. Түріктердің тұтқиылдан жасаған шабуылына төтеп бере алмаған тугухұндықтар күйрей жеңіліп, мерейі тасыған Мугән қаған мол олжамен еліне оралады.

Бұдан кейін Түрік қағанатының жағдайы бұрынғыдан да жақсара түседі. Шығыста енді оған иық теңестіріп, қарсы тұрар күш жоқ еді. Қытай деректерінің Түрік қағанатын осы кезде «Орталық патшалықпен деңгейлесті» (*Бичурин Н.Я. Собрание сведений... – Стр. 229*) деп атап көрсетуі жай, бұрынғы үстем болып қалған көңілдің шындықты мойындамай, «бөрі арығын білдірмес, сыртқа жонын қампайтардың» керімен, жабайылар алдында қалайда өздерін төмендетпеу саясатымен жасалынған айласы болатын. Шын мәнінде, Батыс Вей империясы бұл кезде түріктерге түгелдей тәуелді жағдайда еді.

Осы арада айтылғанның ұғынықты болуы үшін көне замандағы қытай тарихы, негізінен, әр кезеңде үстемдік құрған әулеттердің тарихы екенін еске сала кеткеннің артықтығы жоқ. Өйткені, мұндай тарихтың тек әлгі үстемдік етуші әулеттің мүддесі тұрғысынан жазылып, бірыңғай соған ғана қызмет

етегіні белгілі. Сондықтан осы ерекшелікті ескермейінше, әулеттік тарихнамаларда әскері күйрей жеңіліп, жеңген көшкіншілерге империяның мол мөлшерде алым-салық төлеуге мәжбүр болған кездерін жазғанда тарихшылардың неліктен шын болған жағдайды жасырып, керісінше: «Император варварларға арнайы елші аттандырып, оларға мол сыйлықтар бергізді» деп тігісін жатқызып, сылап-сипап бипаздайтындығының сыры ашылмайды, яғни тарихи шындық тасада қалады. Содан да болар, «өздері жабайы деп санайтын көшкіншілерден жеңіліп, оларға алым-салық төлеуге мәжбүр болды» деп шындықты жазып, үстем әулеттің намысына тиіп, императорлардың қаһарына ұшыраудан қорыққан тарихшылардың кезінде алам-салықты сый-сияпатқа айналдырып жіберіп отыратын жасандылығын қазіргі зерттеушілер тарихи шындық ретінде қабылдап, сол тұрғыдан өзіндік тұжырымдар жасап та жүр. Өкініштісі – мұндай жасандылық жекелеген біреуге ғана тән құбылыс емес, әулеттік шежіре жазушы тарихшылардың бәріне ортақ және ежелден бар, сонау сиунну заманынан, дәлірек айтқанда, Хән императоры Гау-дидің тікелей өзі басқарған империя әскері қоршауда қалып, түгелдей қырылуға айналғанда, император жеңілгенін амалсыз мойындап, Маудун чаниүйге қызын әйелдікке берумен бірге аса көп мөлшерде алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болып, маскара қорлық келісімге келуін тарихшылардың «Хәншуда»: «Ұзатылған қызбен бірге «Бейбітшілік пен іліктік» негізінде шарт жасасып қайту үшін соғыс министрі Лиу Жиннің өзін жіберді. Ұзатылған қыздың еншісі ретінде жыл сайын белгілі бір мөлшерде жібек пен мақта маталарын, шарап пен күріш және түрлі азық-түлік беретін болды» (*Сиунну. – А., 1998. – 38-б.*), – деп түбірінен өзгертіп, басқаша көрсетуінен бері жалғасып келе жатқан дәстүрлі тірлік.

Осы дәстүрлі тірлік Түрік қағанатының Мугән қағаны жөніндегі жазбалар дерегінен де анық байқалып тұрады. Мұнда да үстем әулеттің беделіне нұқсан келмеу жағы қатты ескерілгендіктен, шындық тура айтылмайды. Соның салдарынан қытай деректерінде төңірегіндегілерін түгел бағындырып, соларға дара билігін жүргізіп, дәуірлеп тұрғанына қарамастан, дәл бір баяғы Жыужан мемлекетінің бодандығынан құтылу үшін Батыс Вейдің көмегіне зәру болғанындағыдай, түрік қағаны Солтүстік Жыу империясына тәуелділікпен жыл сайын үсті-үстіне елшісін жіберіп, сыйлықтар жөнелтіп жатады. Мысалы, бұл орайда «Сүй кітабынан»: «Баудиннің бірінші жылы, яғни 561 жылы Сыжин (Мугән қаған) тағы да үш рет жергілікті бұйымдардан сыйлық беріп, елшісін жіберді» (*Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 34-б.*) деген тәріздес деректер оқимыз. Жазба дерекке жадыланған ескі әдетімізбен, олар берер мағлұматтың бәрін шындықтың айғағы ретінде қабылдай берсек, онда осыған қарап, «түріктер Түрік қағанатының дәуірлеп тұрған кезінде де солтүстік жыулықтарға тәуелді болды» деген қорытынды шығаруға тура келеді.

Бірақ бұл көре-біле тұра шындыққа жасалынған қиянат болар еді. Өйткені, қытай жазбаларында көрсетілген сол кездің тарихи оқиғалары мен сол оқиғаларға жанама болса да қатысы бар кейбір деректер мәселенің олай емес, мүлде басқаша екенін көрсетеді. Сондықтан зерттеушінің Қытайдағы

билік құрушы әулеттер тарихына қатысты оқиғаларды талдағанда, олардың жазба деректерінің айтылмыш ерекшеліктеріне баса назар аударуы керек-ақ.

Шындығында, бұл кезде Түрік қағанатының жағдайы, тіпті, басқа-тын. Жоғарыда айтқанымыздай, өзара билікке таласып, бірімен-бірі қырқысып жатқан Жыу империясы (Батыс Вей) мен Чи империясы (Шығыс Вей) керісінше, Түрік қағанатына тәуелді болатын. Бір қызығы, жылнамашылар билік құрушы әулеттің мүддесін қорғап, болған тарихи оқиғаның қанша жерден тігісін жатқыза баяндағанымен, көне қытайлықтардың түріктерге тәуелділікте болғандығы тарихнаманың кей тұстарынан бәрібір бір бой көрсетіп қалып отырады. Тек көре білер көз керек. Мысалы, «Жыушуда»: «Сол кезде (Жыу империясы) Чи адамдарымен өзара таласып жатты. Әскери арбалар қозғалысқа түсті. Сондықтан (Жыу империясы) сырттан көмекші болу үшін түріктермен одақты нығайта түсуге тырысты» (*сонда. – 34-б.*) деген дерек береді. Бұдан жыулықтардың түріктердің көмегіне зәрулігі анық көрініп тұр.

Осы сияқты, егер зерттеуші тарихнама дерегіне сын көзбен қарап, әр сөзге мән бере үңілсе, дәл осындай жағдайдың Чи империясына да тән екенін, бұл кезде олардың да түріктердің көмегіне мұқтаж болып, олармен одақ болуға тырысып баққанын бірден байқар еді. Мұны, басқаны былай қойғанда, осы кезде аталмыш екі империяның да елшілерінің таласа жарысып, бірінен соң бірінің артынып-тартынып, түрік еліне келіп жатуы да айғақтайды. Осының өзінен-ақ әулеттік шежірелерде бүркемеленіп, ашып айтылмағанымен, екі империяның билеушілерінің әрқайсысы да өз биліктерінің ендігі тағдыры түрік қағанының қолында екенін біліп, оны өздерінің жағына шығарып алу үшін қалай арпалысқанын көрсетеді. Бұл топшылауымыздың дұрыстығын, яғни қытай империяларының Түрік қағанатына тәуелді болғандығын, әсіресе, тарихшылардың өзгертуге шамасы жетпейтін құжаттардан анық көруге болады. Ондай құжаттар және баршылық. Ол – билеуші әулеттер ауысып, билік басына жаңадан келген әулеттің басшыларының; яғни императорлардың сөздері мен жарлықтары. Олар сөздері мен жарлықтарында өздерінің алдындағы әулеттің тірлігіне баға беріп, тарихи шындықтың ашылуына кәдімгідей үлес қосады.

Жылнамашылардың император жарлығының бір сөзін де өзгертпей, сол күйі дәл беретінін ескерсек, бұл үзіндіні «сол кездің тарихи шындығын айғақтар құжаттық дерек» деп қабылдауға толық негіз бар. Бұл және жалғыз дерек емес. Уақыт озған сайын, яғни бұлардан да кейінірек билік басына келген әулеттің билеушілері сол кездің оқиғаларын бұдан да нақтырақ көрсетіп, Жыу империясының Түрік қағанатының тікелей боданы болғанын ашып жазады. Мысалы, Лиан Шы-ду өзінің ұлығы Жи-лэн дегенге: «Жақыннан бері Орталық төңіректе (Қытайда) берекесіздік басталды. Олар өзара бөлініп, бірнеше мемлекет болды. Олардың қуаты әлсіреді. Сондықтан оның солтүстіктегілері түріктерге бағынып, бодан болды» (*Сы-ма Гуаң. Дзы Джы Туң-жиэн. 188-ші бума. Қараңыз: Түріктер. Жыужәндер. – А., 1999. – 125-б.*), – дейді. Мұндағы түріктерге бодан болған «солтүстіктегілердің» Солтүстік Жыу мен Солтүстік Чи империялары екені

белгілі. Мұның солай екені Мугән қағаннан кейін Түрік қағанатының тағына отырған Таспар (Тобо) қағанның ордадағыларға: «Тек оңтүстіктегі екі ұлым маған адал болса, онда бізге кедейліктен қорқудың қажеті жоқ» (*Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 38-б.*) деп айтып отыратын тарихшыларға мәлім әйгілі сөзі де растай түседі. Көне заманда Шығыс елдерінде империя билеушілері бодан елдің басшыларын «балам», «ұлым», ал өздерін солардың «әкесімін» деп есептейтін дәстүрдің болғаны белгілі. Осы дәстүрге жүгінсек, Таспар қағанның Жыу мен Чи империяларының билеушілерін «оңтүстіктегі екі ұлым» деп отырғанынан олардың сол кезде түріктерге бодан болғаны анық көрнеді.

Кейбір дереккөздері осы бодандықтың кейінгі Таң империясы дәуірлегенге дейін жалғасқанын айқындай түседі. Мысалы, Таң империясының императоры Тэй Зуң өзінің сарайдағы ұлықтарымен сөйлесіп отырғанда: «Мемлекеттің алғашқы іргетасы қаланған кезде менің әкем – Тай Шаң-хуаң қарауындағылардың қамын ойлап, түріктердің қорлығына төзіп, өзін олардың боданымын деп атады. Мен сүйекке таңба болған осы қорлықты қашан жуып кетіремін деп, жүрегім сыздап, басым мәңірегенше ойлаумен болдым» (*«Жаңа Таң кітабы» («Сиңтаңшу»)*). *Қараңыз: Түріктер. Жыужандар. – А., 1999. – 61-б.*) деп сыр бөліседі. Осыған қарағанда, қытай империялары (Жыу, Чи, Сүй) қашан Таң империясы күшейгенге дейін түріктердің бодандығында болғаны дау тудырмайтын тәрізді.

Бірін-бірі толықтырған осындай нақты және жанама деректерден кейін кейбір зерттеушілердің көне қытай жазбаларының дерегіне сүйеніп, көшпелілер жөнінде жасап жүрген тұжырымдарының өмір шындығымен қиыса бермейтін түсіну онша қиындық туғызбайды.

Біздің пайымдауымызша, Мугән қаған қытай жазбаларында көрсетілгендей, Жыу мен Чи императорларының қас қабағын баққан, олжа үшін солардың алып кел-шауып келінде анау айтса, оған, мынау айтса, бұған құлай кететін ұрда- жық біреу емес. Ол – өзі басқарып отырған елдің мүддесін ойлаған кемеңгер басшы, аса үлкен саясаткер. Оны түсіну үшін әулеттік тарихтың дерегін сол тарихта баяндалатын оқиғаның, атқарылған істің нәтижесімен салыстыра сараптау керек. Сонда Мугән қағанның сыртқы саясатта, әкесі Бумын қаған сияқты, әр қадамын есеппен басып, әрбір жасаған қимыл-әрекетінің жемісті, елі үшін қалайда пайдаға шығуын көздейтін аса сақ билеуші болғаны бірден көрінеді. Ол – қытай империяларының көшпелілер мемлекетін бір-біріне айдап салып, соғыстырып қойып, сол арқылы үнемі ұтысқа шығатын ежелгі тәсілін олардың өзіне қарсы қолдана білген көшпелі елдердің билеушілері арасынан шыққан бірінші адам. Оның Солтүстік Жыу мен Солтүстік Чи империяларының билеушілерінің үміттерін үздірмей кезек қолдап, екеуін де өзіне тәуелді етіп қоюы, сөйте отырып Жыу билеушісіне іштартқандық танытып, оны чиліктерге айдап салып бірнеше соғыстыруы осының дәлелі. Бұл ретте ол үнемі Жыу империясын қолдап, оны Чи империясына қарсы соғысуға шақырады, өз көмегін ұсынады. Бірақ жеме-жемге келгенде жыулықтар мен чиліктердің соғысын сырттай бақылап, өзі соғысқа

араласпай, сәті келгенде «әскерін еркіне жіберіп, (төңіректі) аяусыз тонатып; кері қайтады» (*сонда. – 35-б.*).

Ол бұлай істегенде екі бірдей мақсатты көздеген секілді. Оның біріншісі – Жыу мен Чи мемлекеттерін бір-бірімен жиі соғыстырып қойып, сол арқылы екеуінің де күшін сарқып, өзіне олардың тәуелді болып қалуын түпкілікті қамтамасыз ету. Мұны билеуші әулеттің тарихын солардың көңіл күйіне қарай жазған тарихшылардың өздерінің: «Сыжин (Мугән қаған) кезінен бастап, Түрік мемлекеті дәуірлеп, Орталық төңіректі әлсіретуді мақсат етті. Патша (император) олармен бейбіт іліктік қатынаста болып, әр жылда 100 мың бума қағаз және түсті жібек мата беріп тұрды» (*сонда. – 38-б.*) деп мойындап, жігін жатқыза жазуы да дәлелдей түседі.

Екіншісі – Жыу мен Чи империяларын бір-біріне айдап салып соғыстырып, олардың бірін-бірі тұралата беруіне жағдай туғызумен бірге, оқиғаның өрбуіне өзі тікелей араласу арқылы өз елінің экономикалық жағдайын түзеп, халқының әл-ауқатын арттыра түсу. Бұлай істеу арқылы Мугән қаған Жыу және Чи империяларымен арадағы келісімшарт бойынша жыл сайын беріліп тұратын алым-салықтардың сыртында қосымша олжаға кенеліп, екі жақты бірдей шығындануға мәжбүр етіп отырады. Осы ретте ол, бір жағынан, чиликтерге қарсы соғыста одақтасы болып, әскерін жіберіп, көмектесетіні үшін жыулықтардан мол сыйлықтар алса, екінші жағынан жыулықтарға одақтас болып барғанымен, соғысқа араласпай, жыулықтармен соғысып жатқан чиликтердің басқаға мойын бұруға шамасы жоғын пайдаланып, олардың қорғансыз қалған елінің мал- мүлкін тонап, тегін олжаға кенеледі. Басқа жасар қайраны болмаған чиликтер болса, түріктердің осы тонаушылық шапқыншылығын қойғызамыз ба деген үмітпен тоналудың сыртында елшілерін жіберіп, қосымша тағы сыйлықтар берумен болады. Сөйтіп Мугән қаған үнемі «екі, кейде үш жеп, биге шығып отырды». Сол кездің оқиғасын жазған тарихшылардың: «Чи адамдары оның (Мугән қағанның) шапқыншылық тонауынан жасқанып, олар да өздерінің қазынасын сарқып бітті» (*сонда. – 38-б.*) деп тұжырым жасауы осы айтқанымыздың айғағындай.

Мугән қағанның осындай мақсатты түрде тұрақты жүргізген саясаты ақыры Чи империясының құлауын қамтамасыз етті. Бірақ бақталас қарсыласы Чи империясы құлағанымен, жеңіске жеткен Жыу империясы да дәуірлеп кете алмады. Ұзақ жылға созылған азаматтық соғыс, түріктерге жыл сайынғы төленген ауыр алым-салық, одақтасының өкілі ретінде астанада тұрақты тұрып, аса зор құрметті талап еткен түріктерге жұмсалған шығын оларды да әбден титықтатып біткен еді. Бұл орайда «Жыу кітабы»: астанада тұрып, үнемі жыулықтардың есебінен «киім киіп, ет жегендердің саны үнемі мыңға жетіп отырды» (*сонда. – 38-б.*) деген дерек береді. Жыулықтардың осындай мүшкіл хәлін қапысыз пайдаланған Сүй әулеті оларды биліктен тайдырып, Сүй империясының шаңырағын көтерді.

Негізгі қарсыласы қытайдың екі бірдей империясының бұлайша бірінен кейін бірінің құлауы тікелей түрік қағанының табандылықпен жүргізген терең саясатының жемісі еді. Сөйтіп, Мугән қаған әкесі мен ағасының

арманды ісін жалғастырып қана қоймай, оны жетілдіре алға дамытып, еліне ел, жеріне жер қосып, түріктің елі дәуірлеу биігіне берік сеніммен көтеріліп келе жатқан шағында қайтыс болады.

Қағанның қалай, неден қайтыс болғаны жөнінде ешқандай дерек жоқ.

Бұл кезде түрік елінің дербес, азат мемлекет болып, «Мәңгі ел» аталғанына 20 жыл толған еді.

Мугән қаған да әкесі Бумын қаған орнатқан ел басқару тәртібіне орай баласы Далабиәнді тақ мұрагері етпей, өзінің орнына інісі Таспарды (Тобоны) отырғызды. Сөйтіп Бумынның екінші ұлы Таспар 572 жылы Түрік елінің қағаны атанды.

Мұның бәрі, түптеп келгенде, тек түріктерге болмаса сиуннуларға тән ерекшелік емес, бүкіл далалықтарға ортақ салт. Ұлы Даланың батыс бөлегіндегі скифтер мен сақтар да осылай өмір кешкен. Сондықтан да мұндай мәліметтер қытай дереккөздерімен бірге, грек-рим, парсы дереккөздерінде де қайталанылады. Осылардың бәрі көшпелілерді «судың тұнығын, шөптің шұрайлысын қуып, көшіп жүреді» деп бірауыздан қуәландырғанымен, бұл олардың Ұлы Далада «қайда мол су, жақсы жайылым бар» деп қалаған жеріне емін-еркін бағыт- бағдарсыз көшіп жүргенін көрсетпейді. Өйткені олай істеуге мүмкіндік жоқ. Әр ру, әр тайпа, әр халық тек өзі меншіктеп, мекен еткен өңіріндегі жайылым мен судың ыңғайына қарай, соны жыл мерзімінің құбылмалы ауа райына орайластыра төртке бөліп қана пайдаланады. Олардың көшкіншілігі – осы төрт бөліктің бірінен екіншісіне ретімен көшіп отыратын көшкіншілік. «Жыушудың»: түріктердің «тұрақты орын тепкен мекені болмайды, бірақ әрқайсысының өзіне тиесілі жері бар (сонда көшіп жүреді)» деген дерегі осыны мезгейді (*аталған еңбек. – 37-б.*). Бұл – Ұлы Дала көшпелілеріне анықтама бергенде соған негіз болатын принципті мәселе.

Қойшығара Салғараұлы, филология ғылымдарыны докторы, профессор